

№7 мектеп-лицейінің мектеп психологтарының 2023-2024 оқу жылының жылдық есебі



Мектеп психологтары: Қаршығаев Төремұрат Сабытұлы
Төлеген Еркеайым Қайратқызы

2023-2024 оқу жылының мектеп психологтарының жүргізген жұмыстары


2023-2024 оқу жылы бойынша психологиялық қызмет жоспарға сәйкес жүргізілді, яғни келесі бағыттарда: психодиагностика, психокорекция, психологиялық кеңес беру, психологиялық сақтандыру және білім беру, әлеуметтік диспечерлік бағыт бойынша жүргізілді.

Оқу жылының басында Оқушылардың контингентіне талдау жасалып, құрамы анықталды. Мектебіміздегі барлық оқушы саны - 2102. Бастауыш сыныптар бойынша – 884 оқушы. Орта буын бойынша – 1040 оқушы. Жоғары сынып бойынша – 178 оқушы. Мектебімізде 25 оқушы - үйден оқытылатын денсаулығында ақауы бар балалар, ерекше білім беруді қажет ететін - 30 оқушы, 5 оқушы - жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар туралы мәлімет жинақталды. Барлық сынып оқушыларының педагогикалық-психологиялық зерттеу карталары жасалды.




Жаңа оқу жылының жұмыс бастамасы педагогикалық-психологиялық қызмет құжаттарын дайындау және психологтың жылдық жоспарын жасау, педагогикалық кеңесте консилиум құрамын бекітумен басталды. Қыркүйек айында оқушылардың психологиялық картасы жасалып, электронды база жинақталды. Балалардың мектептегі оқуға дайындық деңгейін анықтау мақсатында бірінші сынып оқушыларына «Керн-Йерасек» әдістемесі жүргізілді.

Қыркүйек айында мектеп жасына келген балалардың оқуға даярлығын тексерумен және оқу мотивациясын анықтау мақсатында Керн Йерасек тесті алынды. Мақсаты: баланың қабылдау, ойлау, қиял, ес, зейінінің деңгейін анықтау, мектеп мотивация деңгейін анықтау, балалардың мектепке деген қарым – қатынастарын, мектепке психологиялық дайындығымен мектеп өміріне бейімдеу деңгейін Керн Йерасек тестінің қорытындысы бойынша анықталды. Бұл зерттеуге 1 «А», 1 «Ә», 1 «Б», 1 «В», 1 «Г», 1 «Д», 1 «Е», 1 «Ж» сыныптары, барлық оқушы саны – 201 оқушы қатысты. Нәтижесін төмендегіден көруге болады.



5 сынып оқушыларымен жүргізілген «Менің сыныбым» әдістемесінің қорытындысы



■ Мұғалімнен алыста
позициясында тұрған

■ Өзге балалармен өзін
теңестіру, жұп болып
тұруы, ойыншылармен бірге

■ Мұғаліммен бірге

■ Ойын позициясы

«Кел, танысайық!» тренингінің анықтамасы

2023 жылдың қазан айында №7 мектеп-лицей мектеп психологтарының жоспарына сай 1-сынып оқушыларымен баланың жеке тұлға ретіндегі дамуы, бейімделуі, өзіндік көзқарасының қалыптасуы, ой – өрісін кеңейту мақсатында «Кел, танысайық!» тақырыбында психологиялық тренинг ұйымдастырылды.

Мақсаты: бірінші күндегі оқушылардың қорқыныш деңгейлерін төмендету, жаңа ортаға бейімделуін қалыптастыру.

Жұмыс барысында «Мен және менің қасиетім» жаттығуы, оқушының мектепке деген көзқарасын анықтау мақсатында «Сұрақ-жауап» ойыны, жылы достық қарым-қатынасты қалыптастыру мақсатында «Күн шуақты алаңқай» ойыны ойнатылды. Сабақтың соңында оқушылардың өзіндік көзқарасының қалыптасып, көңіл-күйлері көтеріліп, ой – өрістері кеңейіп, бір – бірімен тығыз достық қарым – қатынаста болуды үйренді.



«Бірінші рет 5 сыныпқа» тренингінің анықтамасы

2023 жылдың қазан айында №7 мектеп-лицей психологтарының ұйымдастыруымен «Бірінші рет 5 сыныпқа» тақырыбында 5 сынып оқушыларына психологиялық тренинг өткізілді.

«Бірінші рет 5 сыныпқа» - бұл тренинг оқушылардың бастауыш буыннан орта буынға өту кезіндегі алғашқы сезімдерін, көңіл-күйін, сыныптың ұжымдастығын, психикалық ерекшеліктерінің дұрыс қалыптасуына ықпалын тигізеді.

«Сөйлемді жалғастыр» ойынында «Мектеп жолы» суретіне қарап отырып, бірінші сыныптан бесінші сыныпқа дейінгі қызықты оқиғаларымен бөлісті.



«ҰБТ дегеніміз не және оның мен үшін маңыздылығы қандай?» тренинг анықтамасы

2023 жылы қазан айында № 7 мектеп-лицейінің психологтарының ұйымдастыруымен «ҰБТ дегеніміз не және оның мен үшін маңыздылығы қандай?» атты тақырыбында 11 - сынып оқушыларымен психологиялық тренинг өткізілді.

«ҰБТ дегеніміз не және оның мен үшін маңыздылығы қандай?» - бұл тренинг мектеп бітірушілерді ҰБТ-ға дайындау кезінде оқушылардың бойында сенімділікті қалыптастырады. Оқушылардың бойындағы теріс күштерді жою, белсенділігін арттыру.



Тақырыбы: «Балалар үшін бірігейік».

Мақсаты: басты проблемалардың туындау себептерімен, қазіргі кездегі бала бойындағы мінез-құлықтың өзгеруі жайлы ата-аналарға кеңес беру.

Өткізілген уақыты: 20.09.2023 ж.

Қатысқандар: ата-аналар

2023 жылдың 20 қыркүйек күні мектеп психологтары «Балалар үшін бірігейік» тақырыбында ата-аналар жиналысын өткізді. Ата-аналарға кеңес беріп, қазіргі кездегі бала бойындағы мінез-құлықтың өзгеруі, басты проблемалардың туындау себептерінің бірі әлеуметтік желі және жалпы смартфонға тәуелділік екенін айтып өтті. Сондай-ақ ата-аналарға арнайы кеңестерге негізделген жадынамалар таратылды. Баян-дамашылар негізгі мәселені көтеріп, ата-аналар назарына арнайы бейнероликтерді ұсынды. Тренинг барысында ата-аналар «Балама қандай жылулық беремін?» деген сұраққа өз ойларын білдіріп, «Бір шаңырақ астында» жаттығуын орындады.



Тақырыбы: «Балалар үшін бірігейік».

Мақсаты: басты проблемалардың туындау себептерімен, қазіргі кездегі бала бойындағы мінез-құлықтың өзгеруі жайлы сынып жетекшілерге кеңес беру.

Көрнекіліктер: арнайы дайындалған презентация, суреттер кесінділері.

Өткізілген уақыты: 12.09.2023 ж.

Қатысқандар: сынып жетекшілер



2023 жылдың 12 қыркүйек күні мектеп психологтары «Балалар үшін бірігейік» тақырыбында сынып жетекшілерге жиналыс өткізді. Сынып жетекшілерге кеңес беріп, қазіргі кездегі бала бойындағы мінез-құлықтың өзгеруі, басты проблемалардың туындау себептерінің бірі әлеуметтік желі және жалпы смартфонға тәуелділік екенін айтып өтті. Сондай-ақ сынып жетекшілерге арнайы кеңестерге негізделген жадынамалар таратылды. Баян-дамашылар негізгі мәселені көтеріп, сынып жетекшілер назарына арнайы бейнероликтерді ұсынды.

«Кел, танысайық!» тренингінің анықтамасы

2023 жылдың қазан айында №7 мектеп-лицей мектеп психологтарының жоспарына сай 1-сынып оқушыларымен бірінші күндегі оқушылардың қорқыныш деңгейлерін төмендету, жаңа ортаға бейімделуін қалыптастыру мақсатында «Кел, танысайық!» тақырыбында психологиялық тренинг ұйымдастырылды.



«ҰБТ дегеніміз не және оның мен үшін маңыздылығы қандай?» тренинг анықтамасы

2023 жылы қазан айында №7 мектеп-лицейінің психологтарының ұйымдастыруымен «ҰБТ дегеніміз не және оның мен үшін маңыздылығы қандай?» атты тақырыбында 11 - сынып оқушыларымен психологиялық тренинг өткізілді.

«ҰБТ дегеніміз не және оның мен үшін маңыздылығы қандай?» - бұл тренинг мектеп бітірушілерді ҰБТ-ға дайындау кезінде оқушылардың бойында сенімділікті қалыптастырады. Оқушылардың бойындағы теріс күштерді жою, белсенділігін арттыру. Өзін-өзі бағалау деңгейін жоғарылатады, қобалжу сезімдерімен күресе білуге үйретеді.



«Бірінші рет 5 сыныпқа» тренингінің анықтамасы

2023 жылдың қазан айында №7 мектеп-лицей психологтарының ұйымдастыруымен «Бірінші рет 5 сыныпқа» тақырыбында 5 сынып оқушыларына психологиялық тренинг өткізілді.

«Бірінші рет 5 сыныпқа» - бұл тренинг оқушылардың бастауыш буыннан орта буынға өту кезіндегі алғашқы сезімдерін, көңіл-күйін, сыныптың ұжымдастығын, психикалық ерекшеліктерінің дұрыс қалыптасуына ықпалын тигізеді. Тренинг ережелері құрастырылды. «Мен үшін не маңызды?» жаттығуында балалар өздерінің ата-аналарымен ұзақ уақытқа каникулға кететіндігін, демалыстарын елсіз аралда өткізетіндіктерін көз алдарына елестетулері қажет.



«Мен өзімді мақтай аламын» тренинг анықтамасы

2023 жылы қазан айында № 7 мектеп-лицейінің психологтарының ұйымдастыруымен «Мен өзімді мақтай аламын» атты тақырыбында 4 сынып оқушыларымен психологиялық тренинг өткізілді.

Мақсаты: өз-өзіне деген жағымды (позитивті) қарым-қатынастың дамуы; рефлексия дамуы.

«Мен өзімді мақтай аламын» - бұл тренинг оқушылардың сенімділік сезімінің көтерілуіне ықпал етеді. Тренинг барысында оқушыларға «Мен кімін» серпімділік ойыны, «Мен өткен, осы және келер шақтардамын» жаттығуы, «Бәрі жұлдыздар» жаттығуы, «Шеңбер бойынша қошемет» жаттығулары өткізілді.



«Dass шкаласы» тестісінің қорытындысы

7-11 сынып оқушылары арасында «Тәуекел тобын» анықтау мақсатында кешенді тестілеу жүргізілді. Кешенді тестілеу қорытындысы бойынша тәуекел топ анықталған жоқ. Барлық қатысқаны – 1225 оқушы. Тестілеу көрсеткіші төменде көрсетілген.

1. «НСВ-10» әдістемесі

2. « DASS шкаласы»

Мақсаты: Оқушылардың депрессиялық күйін анықтауға мүмкіндік береді.



«Пікірталас- жанжал емес» анықтамасы

2023 жылдың қазан айында 7 мектеп-лицейінің педагог-психологтарының ұйымдастырумен аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу жоспарлы жұмысының аясында 6-сынып оқушыларымен «Пікірталас-жанжал емес» тақырыбында психокоррекциялық сабақ өткізілді.

Психокоррекциялық сабақта сауалнама, жаттығулар, ереже, ойталқы т.б. әдіс-тәсілдер қамтылды. Сабақ барысында оқушылар сабырлы, өзін-өзі ұстай білу-байыпты, айқын, анық ойдың жемісі екенін, бұл жақсы қасиет әрбір адамға керектігіне назар аударды. Оқушылар үшін сабақ өте қызықты, маңызды болғанын кері байланыс кезінде байқалды.



«Алақай, мен оқушымын» тренинг анықтамасы

2023 жылы қараша айында №7 мектеп-лицейінің психологтарының ұйымдастыруымен «Алақай, мен оқушымын» атты тақырыбында 1 - сынып оқушыларымен психологиялық тренинг өткізілді.

Мақсаты: жеке тұлғаның өзіндік қарым - қатынасын дамыту, бойына жағымды қасиет сіңіру.

«Алақай, мен оқушымын» - бұл тренинг балалардың бір-біріне деген мейірім шапағатының мән-мағынасын түсіндіріп; жанында жүрген адамдарға деген сүйіспеншілікті дамытып; жанында жүрген достарына, адамдарға мейірімді, адал болуға тәрбиелейді.



«Қауіпті жағдайлар. Сыпайы бас тарту» тренинг анықтамасы

2023 жылы қараша айында № 7 мектеп-лицейінің психологтарының ұйымдастыруымен «Қауіпті жағдайлар. Сыпайы бас тарту» атты тақырыбында 3-сынып оқушыларымен психологиялық тренинг өткізілді.

Мақсаты: 3-сынып оқушыларына қауіптен бас тартқан жағдайдағы әлеуметтік дағдыларды дамыту; бақылау және өзін өзі қадағалау сәттеріндеі дағдыларды дамыту.

«Қауіпті жағдайлар. Сыпайы бас тарту» - бұл тренинг қарым-қатынастың вербальды және басқа құралдарды дамытады, әлеуметтік қауіп жағдайларындағы іс-әрекет амалдары туралы көріністерді дамытады.



«Менің мектептегі сезімім» тренинг анықтамасы

2023 жылы қараша айында № 7 мектеп-лицейінің психологтарының ұйымдастыруымен «Менің мектептегі сезімім» атты тақырыбында 5 сынып оқушыларымен психологиялық тренинг өткізілді.

Мақсаты: 5 сынып оқушыларына орта буынға тез және жеңіл бейімделуі қалыптастыру, сыныптастарымен дұрыс қарым-қатынасты, бірін-бірі түсінетін ұжымды қалыптастыру.

«Менің мектептегі сезімім» - бұл тренинг жаңа ортада өзін еркін сезінуге, жауапкершілікті мінез-құлыққа қалыптастыруға, иыншылықтарды жеңуде оңды істерді, мотивацияны дамытады.



Тақырыбы: «Бала құқығы, зорлық-зомбылықтың алдын-алу».

Мақсаты: ата-аналардың балаларға қатысты қатыгездік пен зорлық-зомбылық проблемасының өзектілігіне дұрыс көзқарасын қалыптастыру.

Көрнекіліктер: арнайы дайындалған презентация, венн диаграммасы карточкалары, суреттер кесінділері.

Өткізілген уақыты: 10.11.2023 ж.

Қатысқандар: ата-аналар

2023 жылдың 10 қараша күні мектеп психологтары «Бала құқығы, зорлық-зомбылықтың алдын-алу» тақырыбында ата-аналар жиналысын өткізді. Жиналыс барысында ата-аналарға бала құқығы туралы слайд көрсетіліп, «Балалардың тәрбиесі, өмірі мен денсаулығы үшін жауапкершілік және балалардың кешенді қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы» жадынама таратылды. Жиналысқа түрлі себептермен қатыса алмаған ата-аналарға ватцап желісі бойынша қажетті ақпарат және презентация жіберілді. Ата-аналар жиналыстан қажетті, пайдалы ақпарат алғандығы туралы ватцап желісінде хабарлап, ұйымдастырушыларға ризашылықтарын білдірді.

«Менің психологиялық денсаулығым» тренинг анықтамасы

2023 жылы қараша айында № 7 мектеп-лицейінің психологтарының ұйымдастыруымен «Менің психологиялық денсаулығым» атты тақырыбында 7-8- сынып оқушыларымен психологиялық тренинг өткізілді.

Мақсаты: 7-8 - сынып оқушыларының өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау сезімдерін дамыту, өмірге деген көзқарасын қалыптастыру. Қазіргі кездегі таралып бара жатқан ауру түрлерінен хабар беру.

«Менің психологиялық денсаулығым» - бұл тренинг денсаулық туралы білімдерін, салауатты өмір жайлы ой-пікірін қозғап, қазіргі кездегі таралып бара жатқан ауру түрлерінен хабар береді.




«Кәсіптік бағдар: Кім болғым келеді?» тренинг анықтамасы


2023 жылы қараша айында №7 мектеп-лицейінің психологтарының ұйымдастыруымен «Кәсіптік бағдар: Кім болғым келеді?» атты тақырыбында 11 - сынып оқушыларымен психологиялық тренинг өткізілді.

Мақсаты: оқушыларға мамандықтың түрлері, олардың адам өміріндегі маңызы туралы түсінік бере отырып, өз бейіміне сәйкес мамандық тандай білуіне ықпал жасау; кәсіби бағдар беру.

«Кәсіптік бағдар: Кім болғым келеді?» - бұл тренингте түрлі жаттығулар арқылы таным процестерін дамыту, өз пікірін еркін айтып, өзгенің пікірін сыйлай білуге, жүйелі ойлауға баулу.



“Эссе” қорытындысы



«Қыз бала-қоғам шырайы» кездесуінің анықтамасы

№ 7 мектеп-лицейінде 2023 жылдың қараша айында 8-11 сынып қыз балалары арасында Облыстық ждо валеологы Гүлназ Рысбекқызы мен психолог маманы Бексултанова Макпал Сериковна, мектеп психологы Еркеайым Қайратқызының қатысуымен «Қыз бала-қоғам шырайы» тақырыбында кездесу жүргізілді.

Мақсаты: жеткіншектердің теріс мінез-құлқын қалыптастыруға ықпал ететін жағдайдың алдын алу арқылы ызаны тиімді жолмен шығаруға үйрету.

Оқушыларға жүргізілетін кездесудің мақсаты, ережелері толықтай таныстырылды. Кездесу барысында адам үшін өмірдің құндылығын, оның қымбат екендігі жөнінде мағлұматтар берілді. Облыстық ЖДО мамандары оқушыларға беймезгіл уақытта үйден тыс жерлерде жүрмеу, оқушы сырт-келбетін, мектеп формасын сақтау, зиянды әдеттерден аулақ болу, құқықбұзушылық әрекеттерге бармау, әлеуметтік желілерде ұзақ отырмау керектігі туралы баяндады.



“Эссе”зерттеу жұмысының қорытындысы

Күні: 02-15.10.2023 жыл

Сыныбы: 5-11 сынып

Мақсаты: Оқушылардың сыныптағы қарым-қатынасын анықтау.

Қатысқан оқушылар саны: 1191 оқушы

Әдістеме тақырыбы: «Эссе»

«Ашу-ыза билегенде не істеу керек?» психологиялық сабақтың анықтамасы

2023 жылы желтоқсан айында № 7 мектеп-лицейінің психологтарының ұйымдастыруымен «Ашу-ыза билегенде не істеу керек?» атты тақырыбында 10 - сынып оқушыларымен психологиялық сабақ өткізілді.

Мақсаты: оқушылардың агрессивті сезімдерін қауіпсіз күйде айтуға үйрету. Рефлексивті механизмдерді белсендіру. «Ашу-ыза билегенде не істеу керек?» - бұл психологиялық сабақ жасөспірімдердің өмірге деген психологиялық дайындығын күшейту, конфликтілі жағдайларда мінез-құлықтың адекватты тәсілдерін эмоционалды жеке бастың эгоцентризмді жеңе білуге, эмпатияға қабілеттерін дамытуға, «Мен» позициясын қалыптастыру, сенімсіздікті, қорқынышты, үрейді жеңе білу ұғымдары бірге талқыланды.



«Күйзелістен қалай арылуға болады?» тренинг анықтамасы

2023 жылдың желтоқсан айында №7 мектеп-лицей психологтарының ұйымдастыруымен «Күйзелістен қалай арылуға болады?» тақырыбында 8-9 сынып оқушылары арасында психологиялық тренинг өткізілді.

Мақсаты: өзінің және басқалардың эмоцияларын түсіну қабілетін дамыту негізінде әлемге деген сенімді қарым-қатынасты қалыптастыру, өз эмоциясын бақылау дағдыларын қалыптастыру және айналадағы адамдармен эмоционалды өзара әрекетті дамыту болды.

Тренинг барысында тыңдаушылар эмоцияларын ұстап және сезімдеріне талдау жасап үйренді. Көптеген адамдар өз эмоциялары мен сезімдерін түсінбейді.



«Қыздың тәрбиесі-ұлттың ұяты, халықтың шырайы» кездесуінің анықтамасы

№ 7 мектеп-лицейінде 2023 жылдың желтоқсан айында 8-11 сынып қыз балалары арасында Орталық емхананың психологы Ляззат Балтабаевна мен мектеп психологы Еркеайым Қайратқызының қатысуымен «Қыздың тәрбиесі-ұлттың ұяты, халықтың шырайы» тақырыбында кездесу жүргізілді.

Мақсаты: қыздарды халқымыздың ізгі қасиеттері: имандылық, инабаттылық, ізеттілік т.б. негізінде тәрбиелеу. Қыз балалардың денесінің дамуы, гигиенасы туралы түсінік жүргізу.

Оқушыларға жүргізілетін кездесудің мақсаты, ережелері толықтай таныстырылды. Кездесу барысында адам үшін өмірдің құндылығын, оның қымбат екендігі жөнінде мағлұматтар берілді. Орталық емхананың психологы Ляззат Балтабаевна Қыз балалардың денесінің дамуы, гигиенасы туралы ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Қыздар тақырыпқа байланысты ойларында жүрген сұрақтарын қойып, өз сұрақтарына жауап алды. Сонымен қатар қыздар өз білгендерімен бөлісіп, қосымша ақпараттар алды.



Бастауыш сынып оқушыларының танымдық процестерін түзету дамыту жаттығулар анықтамасы

2023 жылы желтоқсан айында № 7 мектеп-лицейінің психологтарының ұйымдастыруымен 2-4 сынып оқушыларымен таным процестерін дамытуға арналған жаттығулар өткізілді.

Мақсаты: баланың өз бетімен іс-әрекетін, шапшандығын, бейнелі ойлау қабілеті мен есте сақтауын, байқампаздығын, бейнелі ойлауын дамыту.

Таным процестерін дамытуға арналған жаттығулар оқушылардың коммуникативті дағдыларды, зейіннің көлем, ауысу, тұрақтылық концентрациясын дамыту, танымдық белсенділіктерін психологиялық тренингтер жолдарымен арттыруға бағытталған.



«Ұл бала-ұлт қорғаны» тақырыбындағы кездесудің анықтамасы

2024 жылы ақпан айында № 7 мектеп-лицейінің психологтарының ұйымдастыруымен «Ұл бала-ұлт қорғаны» атты тақырыпта ДТЖО, мектеп аяжаны, мектеп инспекторының қатысуымен 7-10 сынып оқушыларымен кездесу өткізілді.

Мақсаты: ер балалар арасында зиянды әдеттердің алдын алу, тәртіпсіздіктің алдын алу, жеке бас қауіпсіздігін сақтау, спорттық іс-шараларға қатыстыру арқылы салауатты өмір сүру салтын насихаттау.

Бүгінгі таңда қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі-балалар мен жасөпірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын-алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу, сонымен қатар ұлдар тәрбиесі жөнінде түсіндірме жұмыстары жүргізілді.



«Өтініш және менің оған деген қарым-қатынасым» тренингтің анықтамасы

2024 жылы ақпан айында № 7 мектеп-лицейінің психологтарының ұйымдастыруымен «Өтініш және менің оған деген қарым-қатынасым» атты тақырыпта 7 сынып оқушыларымен тренинг өткізілді.

Мақсаты: өмірде адамнан асқан құндылық жоқ екенін түсіндіру, қарым-қатынас барысында өтініш сөзін қолдану арқылы бір-біріне жақсы көңіл-күй сыйлау.

«Өтініш және менің оған деген қарым-қатынасым» - бұл психологиялық тренинг оқушыларды қатысушылардың бір-бірімен қарым-қатынасын жақсарту негізінде оларды адалдыққа, достыққа, бауырмалдылыққа тәрбиелеу. Сонымен қатар сенімсіздікті, қорқынышты, үрейді жеңе білу ұғымдары бірге талқыланды.



«Менің құқықтарым» тренингтің анықтамасы

2024 жылы ақпан айында № 7 мектеп-лицейінің психологтарының ұйымдастыруымен «Менің құқықтарым» атты тақырыпта 9 сынып оқушыларымен тренинг өткізілді.

Мақсаты: баланың өзінің құқығы туралы түсінік беру, басқа адамдардың құқығымен байланысы және міндеттері; өз құқығын қорғау және басқа адамдардың құқығын сыйлау дағдыларын қалыптастыру.

«Менің құқықтарым» - бұл психологиялық тренинг оқушыларға өз құқығын қорғау қажеттілігімен өзге адамдардың құқығын құрметтеу қажеттілігін түсіндіре отырып, құқық пен міндет жөнінде түсініктерін қалыптастырады. Оқушылардың құқықтық білімін тексере отырып, өз мүдделерін қорғай алатын, өзіндік ұсыныс-пікірлері мен көзқарастарын, ойларын ашық айтатын, сөзге шешен, кемел ойлы, елжанды азамат ретінде тәрбиелейді.



«Психология әлеміндегі мен...» психологиялық апталығының қорытынды есебі

2024 жылдың 5-9 ақпан аралығында 7 мектеп-лицейінің педагог-психологтарының ұйымдастыруымен 1-11 сынып оқушылары арасында «Психология әлеміндегі мен...» тақырыбында психологиялық апталық болып өтті.

Апталықтың мақсаты: Оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру. Шығармашылық қабілеттерін арттыру, талантты оқушыларды айқындау; жауапкершілікке, ұжымдылыққа тәрбиелеу; адамгершілікпен эстетикалық қатынасқа көңіл бөлу.

Міндеттері: оқушылардың ойлау көрсеткіші қызметінің заңдылықтарын ескере отырып, оқушының жеке даралық қабілеттерін арттыру, нені есте сақтау керек соған бағыттау; оқушылардың қызығушылықтарын арттыра отырып, өз-өзін ұстау және көпшілік алдында ұстау мәдениетін дағдыландыру.



«Stop bullying: Бәрі сенің қолыңда!» акцияның есебі

2024 жылы ақпан айында № 7 мектеп-лицейінің психологтарының ұйымдастыруымен 5-9 сынып оқушыларымен акция өткізілді.

Мақсаты: жастар мен жасөспірімдер арасында отбасындағы зорлық-зомбылықтың, девиантты мінез-құлықтың өз-өзіне қол жұмсау деңгейін азайту, күйзелістік жағдайлардың алдын-алу және жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру.

Акцияға 5-9 сынып оқушылары қатысты.

Акция барысында, қатысушыларға кибербуллинг пен буллинг жайлы толыққанды ақпараттар беріліп, әлеуметтік желідегі түрлі ойындардан алшақ болу керектігі айтылды және бірнеше әдістемелік ойындар ойнатылды. Сондай-ақ, бірнеше мәселелер тренинг барысында оқушыларға толыққанды айтылып, кибербуллингтің құрбаны болудан аулақ болуға шақырды.



«Біздің сынып-бұл біз» тренинг анықтамасы

2024 жылы наурыз айында № 7 мектеп-лицейінің психологтарының ұйымдастыруымен «Біздің сынып-бұл біз» атты тақырыбында 5 - сынып оқушыларымен психологиялық тренинг өткізілді.

Мақсаты: оқушылардың бойында адамгершілік, мейірімділік, қамқорлық, сүйіспеншілік қасиеттерін қалыптастыру.

«Біздің сынып-бұл біз» - бұл тренинг балалардың бір-біріне деген мейірім шапағатының мән-мағынасын түсіндіріп; жанында жүрген адамдарға деген сүйіспеншілікті дамытып; жанында жүрген достарына, адамдарға мейірімді, адал болуға тәрбиелейді.



«Емтихан кезіндегі стресстен қалай арыламыз?» тренинг анықтамасы

2024 жылы наурыз айында «Емтихан кезіндегі стресстен қалай арыламыз?» атты тақырыбында № 7 мектеп-лицейінің психологтарының ұйымдастыруымен 11 сынып оқушыларына психологиялық тренинг өткізілді.

Мақсаты: ҰБТ – ға дайындалу кезінде оқушыларды өзінің мінез – құлқын және эмоцияларын басқара алуына үйрету, өзін – өзі бағалау деңгейін жоғарлату.

«Емтихан кезіндегі стресстен қалай арыламыз?» - бұл тренинг қатысушыларға эмоция – ерік аясын дамыту және стресті жеңе білуге үйретеді. Қатысушылар емтихан кезінде өзін сенімді сезінуіге қажет қасиеттерін табуға көмектеседі.



«Мен өзімді мақтай аламын» тренингінің анықтамасы

2024 жылы наурыз айында № 7 мектеп-лицейінің психологтарының ұйымдастыруымен «Мен өзімді мақтай аламын» атты тақырыбында 5 - сынып оқушыларымен психологиялық тренинг өткізілді.

Мақсаты: оқушыларға өздеріне сенуге, қадағалауға, өз қабілеттерін дамыту өз қолдарында екендігін үйрету, бала бойындағы қобалжудан арылу.

Тренингтің жаттығулары тиімді қарым-қатынасқа ықпал ететін мінез-құлық дағдылары мен қабілеттерін дамытады және біріктіреді. Тренинг жақсы әдістемелік деңгейде өтті, қатысушылар өте қызықты, ақпараттандыратын, достық және көңілді атмосфера болғанын атап өтті.




«Dass шкаласы» тестісінің қорытындысы

5-11 сынып оқушылары арасында «Тәуекел тобын» анықтау мақсатында кешенді тестілеу жүргізілді. Кешенді тестілеу қорытындысы бойынша тәуекел топ анықталған жоқ. Барлық қатысқаны – 1191 оқушы. Тестілеу көрсеткіші төменде көрсетілген.

1. “НСВ-10” әдістемесі
2. « DASS шкаласы»

Мақсаты: Оқушылардың депрессиялық күйін анықтауға мүмкіндік береді.



«Мектептегі менің көңіл-күйім» тренингінің анықтамасы

2024 жылдың сәуір айында №7 мектеп-лицей психологтарының ұйымдастыруымен «Мектептегі менің көңіл-күйім» тақырыбында 1 сынып оқушыларымен психологиялық тренинг өткізілді.

Мақсаты: бірінші күндегі оқушылардың қорқыныш деңгейлерін төмендету, жаңа ортаға бейімделуін қалыптастыру.

«Мектептегі менің көңіл-күйім» - бұл тренинг балалардың бойларындағы адамгершілік, қайырымдылық, сүйіспеншілік, ізгілік, инабаттылық, ақылдылық, әдептілік қасиеттерін оятуға көмектеседі. Оқушыларға жағымсыз көңіл-күйден арылуға, өзіне-өзі тануға, құрметтеуге, өзін еркін сезінуге итермелейді.



«Қиын жағдайлардан не үйренеміз?» тренинг анықтамасы

2024 жылы сәуір айында «Қиын жағдайлардан не үйренеміз?» атты тақырыбында № 7 мектеп-лицейінің психологтарының ұйымдастыруымен 10-сынып оқушыларына психологиялық тренинг өткізілді.

Мақсаты: ҰБТ – ға дайындалу кезінде оқушыларды өзінің мінез – құлқын және эмоцияларын басқара алуына үйрету, өзін – өзі бағалау деңгейін жоғарлату.

«Қиын жағдайлардан не үйренеміз?» - бұл тренинг қатысушыларға эмоция – ерік аясын дамыту және стресті жеңе білуге үйретеді. Қатысушылар емтихан кезінде өзін сенімді сезінуге қажет қасиеттерін табуға көмектеседі.

«Реніштен арылу» тренинг анықтамасы

2024 жылы мамыр айында № 7 мектеп-лицейінің психологтарының ұйымдастыруымен 5 сынып оқушыларына психологиялық қызметтің жоспарына сәйкес «Реніштен арылу» тақырыбында психокоррекциялық тренингі өтілді.

Мақсаты: айнала қоршаған адамдарға кешіріммен, түсінушілікпен, ізгілікпен қарауға үйрету. Жасаған әрекеттеріне жауапкершілікпен, қасындағы адамдарға шыдамдылықпен қарауға тәрбиелеу.

Реніш, барлық азаптар сияқты, қорғаныс әрекеттеріне итермелейді. Олардың ішінде қорғаныс - ұшу мен шабуыл. Бірақ реніштен қашып құтыла алмайтын болғандықтан, тек бір нәрсе қалды - шабуыл. Қорғаныс әрекеттерінен басқа, ашу-ыза тудырады. Адам ашуланған кезде оған оңайырақ болады, өйткені психикалық энергия реніштен алынады және сана ашулану эмоциясына шоғырланады. Агрессивтілік деңгейін төмендету, өзінің мінез-құлқын ырықты басқаруға қабілеті мен мүмкіндіктерін қалыптастыру.



«Толеранттылық деген не?» тренингінің анықтамасы

2024 жылы мамыр айында № 7 мектеп-лицейінің психологтарының ұйымдастыруымен «Толеранттылық деген не?» атты тақырыбында 11 - сынып оқушыларымен психологиялық тренинг өткізілді.

Мақсаты: оқушыларда толеранттылық мінез - құлық қалыптастыру.

Тренинг оқушылардың толеранттылық туралы өздерінің түсінуін және адамдармен қарым-қатынас жасау қабілетін дамытуда қиялын ынталандыруға бағытталған. Оқушылар осындай жаттығуларға белсене қатысты. Тренингтің жаттығулары тиімді қарым-қатынасқа ықпал ететін мінез-құлық дағдылары мен қабілеттерін дамытады және біріктіреді. Тренинг жақсы әдістемелік деңгейде өтті, қатысушылар өте қызықты, ақпараттандыратын, достық және көңілді атмосфера болғанын атап өтті.



«Достық - татулықтан басталады»

7 мектеп-лицейінің педагог-психологтарының ұйымдастыруымен, директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары Б. Қолғанатовнаның және Утешова Л. ұстаздарымыздың қатысуымен 6 «Ә» сынып қыз балаларына «Достық-татулықтан басталады» тақырыбында тренинг өткізілді.

Тренинг басында балалар достық қалай басталатыны туралы өз пікірлерін білдірді. Сондай ақ өміріндегі жағдаяттармен рөлдік ойындар ойнады. Ойындарды талдай отырып, балалар өз қалаулары туралы ғана емес, сонымен қатар сыныптастарының қалауын құрметтеуге үйренді. Тренинг соңында қыз балалар «Бірге тату өмір сүру үшін келісе білу керек» екендігін айтып, алған әсерлерімен, ой-түйіндерімен бөлісті.



«Дана әже, асыл ана, тәрбиелі немере» байқауы

№7 мектеп-лицейінде Халықаралық отбасы күніне орай ұйымдастырылған «ДАНА ӘЖЕ, АСЫЛ АНА, ТӘРБИЕЛІ НЕМЕРЕ» атты мектепшілік онлайн бейнеролик байқауы өтті.

Мақсаты - білім алушыларды ізгілікке, үлкенді құрметтеуге, халқымыздың салт-дәстүрінен нәр алуға, ой-өрісін дамыту, өнерге баули отырып инабаттылық пен мейірімділікке тәрбиелеу.

Аталған жанұялық онлайн бейнеролик байқауға 5 отбасы қатысып бақ сынады.

Әділқазы алқаларының шешімі, сайыс нәтижесіне сай:

I дәрежелі диплом - 7 «А» сынып оқушысы Раматулла Каусар;

II дәрежелі диплом - 6 «В» Гүлсезім;

III дәрежелі диплом -

5 «А» сынып оқушысы Бакыт Іңкәр

5 «А» сынып оқушысы Бөрібай Айым

5 «В» сынып оқушысы Қасенова Мерей марапатталды.



Репродуктивті денсаулықты сақтау – ұрпақ саулығының кепілі

Жасөспірімдермен репродуктивті денсаулық туралы әңгімелесу өте маңызды. Өйткені жеткіншектердің репродуктивті денсаулық туралы сауаттылығын көтеру жас ұрпақтың келешегінің кепілі болмақ.

Осы орайда №7 мектеп-лицейінің педагог-психолог мамандары және мектеп аяжанының бірлесуімен «Репродуктивті саулық. Оны сақтау дағдылары» тақырыбында жоғары сынып оқушылары арасында кездесу өткізілді.

Шара барысында мамандар тарапынан жеткіншек шақтағы балалардың психологиялық саулығын нығайту, репродуктивті денсаулық жайлы ақпараттар кеңінен берілді.



